

«Бекітемін»
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Спорт клубының төрағасы
Т.Дүйсембаев

«24» 2021ж

Тоғызқұмалақтан
Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған
ҚазҰУ жатақхана студенттері арасындағы жарысының

ЕРЕЖЕСІ

I. Мақсаты

- Жастарды тәрбиелеу, олардың ой-өрісін, санасын шынықтыру;
- Ұлттық ойынды студенттер арасында кеңінен насихаттау және ары қарай дамыту;
- Спорттық шеберлікті және зияткерлік қабілетті арттыру.

II. Өткізілетін жері және мерзімі

Жарыстар Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті бекіткен Ережеге сәйкес өткізіледі.

Тоғызқұмалақтан ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған ҚазҰУ жатақхана студенттері арасындағы жарысы 2021 жылғы қараша айының 26-27 күндері аралығында эл-Фараби атындағы ҚазҰУ спорт комплексының шахмат клубында өтеді. Жарыс командалық есепте, рапид түрі бойынша өткізіледі. Жарыстың басталуы 26 қараша күні сағат 15.00. Ойын саны мандат комиссиясы отырысында анықталады. Команда құрамы 2 адам (1 ұл, 1 қыз).

III. Жеңімпаздарды анықтау

Жарыстар Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті бекіткен Ережеге сәйкес анықталады.

IV. Жарыстың өткізілуіне басшылық ету

Негізгі жарысты өткізу, ұйымдастыру комитеті бекіткен бас төрешілер алқасы атқарады.

V. Марапаттау рәсімі

Командалық есепте 1-2-3 орын иеленген спортшылар эл-Фараби атындағы ҚазҰУ спорт клубы тағайындаған дипломдар және медальдарымен марапатталады.

VI. Тапсырыс

Жарыстың алдын-ала тапсырысы жарыс басталғанша беріледі. Түпкілікті тапсырыс жарысқа келген күні бас төрешілер алқасына тапсырылуы тиіс.

№	Аты-жөні	Туған күні, айы, жылы	жынысы	Спорттық дәрежесі	Квартал бойынша рейтингі	Тақта сы	Оқу немесе жұмыс орны	Жаттықтырушы	Дәрігердің қолы

Жаттықтырушы: Молдахметова А.Ш.

+77073640827